

"Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 85 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 6 маусымдағы № 161 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 маусымда № 4769 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 375 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.12.2018 № 375 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 наурыздағы № 85 қаулысына (2016 жылғы 4 мамырда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3725 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаржы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Қ. Ақсақалов

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихаттың хатшысы

_____ В.Бубенко

2018 жылғы 06 маусым

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2018 жылғы 06 маусымдағы № 161
қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2016 жылғы 24 наурыздағы № 85
қаулысына қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;
 - 2) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
 - 3) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес басшысы;
 - 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының оқытушысы;
 - 5) негізгі орта, жалпы орта білім берудің, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім ұйымдарының барлық мамандықтағы мұғалімдері - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
 - 6) дефектолог-мұғалім (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

- 7) логопед-мұғалім - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының өндірістік оқыту шебері - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 9) педагог-психолог - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 10) қосымша білім беретін педагог - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 11) бастапқы әскери даярлық ұйымдастырушысы-оқытушы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 12) ұйымдастырушы-педагог - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 13) оқытушы-жаттықтырушы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 14) әлеуметтік педагог - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 15) тәрбиеші - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 16) дене тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 17) әдіскер (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 18) жетекші - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 19) барлық мамандықтағы дәрігерлер - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 20) мейірбике/мейіргер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 21) зертханашы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 22) музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 23) кітапхана меңгерушісі;
- 24) шеберхана меңгерушісі;
- 25) әдіскер - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 26) библиограф - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 27) кітапханашы - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;

- 28) аккомпаниатор - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 29) концертмейстер - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 30) мәдени ұйымдастырушы – біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 31) хормейстр - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 32) көркемдік жетекші - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі мамандар;
- 33) барлық аталымдағы суретшілер - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар.

2. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

- 1) аудандық аурухананың, аудандық емхананың, аудандық диспансердің басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың, сәулелі диагностика бөлімшесінің, функционалдық диагностика, физиотерапия және емдік дене шынықтыру, стоматологиялық кабинеттің немесе бөлімшесінің) және параклиникалық (зертхана) бөлімшелерінің меңгерушілері;
- 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының мейірбике ісі жөніндегі орынбасары;
- 5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бөлімшесінің, қызметтің, бөлімнің (медициналық статистика, ұйымдастырушылық-әдістемелік және статистикалық, ақпараттық-талдау) басшылары;
- 6) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) меңгерушісі;
- 7) барлық мамандықтағы дәрігерлер - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 8) мейірбике/мейіргер, провизор (фармацевт) - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 9) денсаулық сақтау сарапшы-маманы, зертхана маманы, қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер), инженер-медициналық физик, сәулелік жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер, инженер радиохимик - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 10) фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейірбике/мейіргер, тіс дәрігері (дантис), тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің

зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі (стоматологтың ассистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, оптик және оптикометрист, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, диеталық мейірбике - біліктілігі орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

11) медициналық тіркеуші, дозиметрист-техник, дезинфектор-нұсқаушы - біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ мамандар;

12) барлық мамандықтағы мұғалімдер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

13) тәрбиеші, логопед, психолог маман, дефектолог - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты мамандар;

14) тәрбиеші, емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы - біліктілігі орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

15) әлеуметтік қызметкер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

16) кітапханашы, биохимик - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;

17) мейірбикенің/мейіргердің көмекшісі – техникалық орындаушылар.

3. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

2) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) барлық мамандықтағы дәрігерлер - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

4) мейірбике/мейіргер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

5) фармацевт – біліктілігі орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

6) зертханашы - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

7) барлық мамандықтағы мұғалімдер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

8) тәрбиеші - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

9) психолог - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

10) емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы - біліктілігі орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

11) еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

13) мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

14) музыкалық жетекші - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

15) кітапханашы - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;

16) дәріхана меңгерушісі.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

2) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) бас қор сақтаушы;

4) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын секторының, бөлімінің басшысы;

5) мемлекеттік мекемеге және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынға әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің: шаруашылықтың басшысы;

6) жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер;

7) қор сақтаушы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

8) барлық аталымдағы суретшілер (негізгі қызметтер) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

9) экскурсия жүргізуші - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

10) барлық аталымдағы әдіскер (негізгі қызметтер) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

11) музей қорын есепке алу жөніндегі архивист - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

12) архивист - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;

13) архивист - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;

14) әдіскер – біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;

- 2) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аға жаттықтырушы;
- 4) аға жаттықтырушы-оқытушы;
- 5) барлық мамандықтағы дәрігерлер - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 6) мейірбике/мейіргер (мамандандырылған) - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 7) әдіскер - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 8) спортшы-нұсқаушы – біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 9) нұсқаушы (спортшы-нұсқаушыны қоспағанда) - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар;
- 10) жаттықтырушы - біліктілігі жоғарғы, орта деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 11) психолог - біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғарғы, бірінші, екінші санатты және санаты жоқ мамандар;
- 12) психолог – біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ мамандар;
- 13) ат спорты түрлерінен ветеринариялық дәрігер - біліктілігі жоғарғы және орта деңгейдегі мамандар.